

ISSN 1563-2415

Алматинская академия
экономики и статистики

Ежеквартальный научно-практический журнал

Статистика, учет и аудит

Статистика, есеп және аудит

Statistics, account
and audit

Алматы

3(78)2020



СОДЕРЖАНИЕ

СТАТИСТИКА

<i>Н.А.Курманов, Л.М.Муталиева, Ш.Т.Сулейменова</i> АНАЛИЗ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СТАТИСТИКИ НАУКИ КАЗАХСТАНА	7
<i>А.У. Мухаммедов, А.Б. Тасмаганбетов, С.Ж. Тасмаганбетова</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІ	12
<i>Г.Н.Сансызбаева, А.А.Мусульманқұлова</i> ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ РАЗВИТИЯ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ПО РЕГИОНАМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	17

УЧЕТ И АУДИТ

<i>О. М. Nessipbay, S. S. Saparbayeva, L. P. Moldasbaeva</i> ISSUES RELATED TO THE FORMATION OF ACCOUNTING POLICIES FOR SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES	23
<i>Н. Бердимурат, А. Нурмагамбетова, А. Бердимурат</i> СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНЧЕСКОГО УЧЕТА	27
<i>Г.С.Барманбекова, В.Л.Назарова, Н.В.Надеева, С.Болаткызы</i> УПРАВЛЕНИЯ ЗАТРАТАМИ В ЛОГИСТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ	31
<i>Г.Ж.Жұмабекова, Г.Д. Аманова, Н.Н. Таштанова, У.К. Сартов</i> ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТТИ ДАМУЫ БАҒЫТТАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	34
<i>К.О. Мазбаева</i> ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МЕТОДОВ УЧЕТА ЗАТРАТ В ПТИЦЕВОДСТВЕ	39
<i>Р.Н.Нурғалиева, С.Т.Миржакыпова, А.Н.Токсанова</i> МЕТОДЫ РАСЧЕТОВ ВРЕМЕННЫХ РАЗНИЦ И ПРОБЛЕМЫ ИХ ПРИЗНАНИЯ	45
<i>А.У. Текенова, А.С.Джондельбаева</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ ӘСЕРІ	50
<i>Г.Р. Шуленбаева, А.С. Джондельбаева</i> КОНЦЕПЦИЯ СПРАВЕДЛИВОЙ СТОИМОСТИ: ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР ЗАРУБЕЖНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ	54
<i>К.Т. Тайгашинова, А.К.Ержанов</i> ОСОБЕННОСТИ УЧЕТА КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ НА ВСЕХ ВИДАХ ТРАНСПОРТА	58
<i>К.Т. Тайгашинова, А.К.Ержанов</i> УПРАВЛЕНИЕ ЛОГИСТИЧЕСКИМИ ИЗДЕРЖКАМИ	63

ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ

<i>К.В. Zhumanazarov, D.I. Dzhangelidina, S.N.Valieva, S.Zh.Bektenov, S.K. Kanatova</i> TOURISTIC PRODUCT LIFE CYCLE MANAGEMENT	69
<i>S.K. Jumambayev, A. Dosmbek</i> WAGES IN KAZAKHSTAN: TRENDS, FACTORS, WAYS TO INCREASE	74
<i>E.S. Sitnikova, I.V. Bordiyanu, A.G. Mukhamedieva</i> PROBLEMS OF FORMING KNOWLEDGE ECONOMY IN KAZAKHSTAN	79
<i>A.U. Muhammedov, A.B. Tasmaganbetov, S.Zh. Tasmaganbetova</i> FORECAST OF ECONOMIC INDICATORS OF THE TOURISM INDUSTRY IN THE WESTERN REGION OF KAZAKHSTAN	83
<i>A.V.Maldynova, R.E. Andekina, A. A. Kaliyeva, E.Orazgaliyeva</i> CONTENT ANALYSIS OF CLIENTS MOTIVATION FACTORS TO APPLY THE SERVITIZATION STRATEGY IN THE INDUSTRIAL MARKET OF KAZAKHSTAN	87



<i>U.ZH.SHalbolova, A.K Oturzakova</i> APPLICATION OF PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP MECHANISMS IN HEALTHCARE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	93
<i>Ж.Әлайдар, К.Алайдарқызы, Л.А.Кудабаева, Э.О.Телагусова</i> СУЩНОСТЬ И ОСОБЕННОСТИ ФИНАНСОВОГО МЕНЕДЖМЕНТА В МЕЖДУНАРОДНОМ БИЗНЕСЕ	98
<i>Л.Ж.Аширбекова, Г.Ғалымқызы, Ж.Қ.Бостандық</i> ҚАЛАЛЫҚ АГЛОМЕРАЦИЯЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ	103
<i>Г.Т.Ахметова, Н.А.Кудайбергенов, Г.Б.Кенжеғалиева, М.К.Айекенова</i> АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ ОБРАБАТЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	107
<i>Б.М. Баядилова, А.С. Койчубаев, М.К.Толымгожинова</i> ПРОБЛЕМЫ И ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРЕДПРИЯТИЙ ПИЩЕВОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕГИОНА	111
<i>М.К.Баймухашиева, К.К.Есмаганбетова, Л.Избасарова, Г.Т.Байбатырова, А.А.Орынбасарова</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫДАН ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	117
<i>С.В. Беспалый, Л. М. Давиденко, Л. И. Кашук, Д. С. Бекниязова</i> СОЦИАЛЬНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО, СПОСОБСТВУЮЩЕЕ УСТОЙЧИВОМУ РАЗВИТИЮ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ	121
<i>Б.С.Бимбетова</i> ҚАЗАҚСТАНДА ӨЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ	126
<i>А.Қ.Боранбаева, Д.Ж.Рахматуллаева</i> ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ ТАЛДАУ	130
<i>Ж.С.Булхаирова, Б.М.Таскарина, Б.З.Жумағалиева</i> СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА.....	135
<i>Л.Б.Габдуллина, Б.С.Толысбаев, А.С. Кулмаганбетова, А.Ж. Зейнуллина</i> СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ	141
<i>Р.С.Габдулalieва, А.У.Тулегенова, Б.К.Курмантаева, З. А.Тлесова, З. У.Абуова</i> ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШІЛУ ЖОЛДАРЫНА ТАЛДАМА	146
<i>Р.Д. Досжан, А.О. Базарбаев, Г.Р. Даулиева, А.С. Усманов</i> ПРОДВИЖЕНИЕ КОММЕРЦИАЛИЗУЕМЫХ ИННОВАЦИОННЫХ НАУЧНЫХ РАЗРАБОТОК В АГРАРНОМ СЕКТОРЕ РК	150
<i>Р.Ә.Есберген, Б.З.Жумағалиева, А.И.Омарова, С.Д.Усубалиева</i> ЕРІКТІЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	155
<i>М.С.Искакова</i> ШЕТЕЛДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	161
<i>Л.И.Кашук, С.В.Беспалый, Д.С.Бекниязова, М.К. Каримбергенова</i> ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ: АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ И ТЕНДЕНЦИЙ РАЗВИТИЯ	165
<i>З. Р. Карбетова, А.А. Жақупов, Ш.Р.Карбетова, Ж.Ы. Бейсекова</i> ҚАЗІРГІ ҰЙЫМНЫҢ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	170
<i>Р.Ж.Калгулова, З.Т.Туркебаева, А.А.Бурлибаева</i> ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ В УСЛОВИЯХ РЫНКА	175
<i>Г.А. Кожсахметова, О.В. Лашкарева</i> СОЗДАНИЕ И РАЗВИТИЕ РЕГИОНАЛЬНЫХ ИННОВАЦИОННЫХ СИСТЕМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	178
<i>Т.С. Короткова, Д.И. Закирова</i> ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ	184



<i>А.С. Кубеева, С.Р.Есимжанова</i> СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ТЕКСТИЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В КАЗАХСТАНЕ	189
<i>А. Курмантаева, Н. Никифорова, А. Каламбаева</i> ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ВУЗА С ОРГАНИЗАЦИЯМИ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА В РАЗВИТИИ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ СТУДЕНТОВ	194
<i>Т.П. Магай, К.Р. Ергалиев</i> УПРАВЛЕНИЕ МАРКЕТИНГОМ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПО- СОБНОСТИ КОМПАНИИ	199
<i>А.М. Мәлік</i> АҚША ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУДЫҢ БІРЕГЕЙ НӘТИЖЕСІ РЕТІНДЕ	203
<i>Г.К.Молдашев, У.А.Торекулова, А.Б.Токбура</i> ПОВЫШЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТИВНОСТИ СМК В ТОО «СЕРТИФИКАЦИОННЫЙ ЦЕНТР ИНДУСТРИИ И ГОСТЕПРИИМСТВА»	208
<i>А.Б.Тлесова, А.Ж.Мусина, А.Т.Белеков</i> ПРИВЛЕЧЕНИЕ ИНВЕСТИЦИЙ В ПРИОРИТЕТНЫЕ СЕКТОРА ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	213
<i>Ж.А.Утебаева, Н.Т.Сейткалиева, А.Б.Сатбекова, Б.Т.Мусалимова</i> ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ВЗАИМНОЙ ТОРГОВЛИ ТОВАРАМИ В РАМКАХ ЕАЭС	217
<i>Б.М.Шукурова, Ш.Б.Сисенгалиева, А.Т.Белеков</i> СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ РЫНКА ТРУДА И ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	221
<i>С.С.Ыдырыс, Б.Ж. Альмухамбетова, Р.И. Ерманкулова, Б.М. Дандаева</i> ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН АРАСЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	225

ФИНАНСЫ

<i>G.S. Kaipova, D.I. Zakirova, L.Yessengali</i> ANALYSIS OF SIGNIFICANT ASPECTS OF THE COMPANY'S FINANCIAL CONDITION	230
<i>Г.А. Жолмурзаева, М.К.Кожяхметова, Г.Б. Кенжебекова</i> НАЛОГОВОЕ АДМИНИСТРИРОВАНИЕ В РЕАЛИЗАЦИИ ФИСКАЛЬНОЙ ФУНКЦИИ ГОСУДАРСТВА	234
<i>Б.С.Кабатаева, Н.М.Калманова, А.М.Касенова</i> ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ МИКРОКРЕДИТОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	239
<i>А.Ж.Мусина, А.Е.Беделбаева, Е.И.Ладаненко, Г.К.Кенес</i> ГОСУДАРСТВЕННАЯ ФИНАНСОВАЯ ПОДДЕРЖКА СЕКТОРА АПК В КАЗАХСТАНЕ	244
<i>Н.А.Тургенбаев, А.К.Кантарбаева</i> ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ КОНЦЕПЦИИ МЕЖДУНАРОДНОГО ДВИЖЕНИЯ КАПИТАЛА	248
<i>С.О. Танатова</i> ОРГАНИЗАЦИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА КРЕДИТНЫХ ОПЕРАЦИЙ БАНКОВСКИХ УЧРЕЖДЕНИЙ КАЗАХСТАНА	252
<i>К.К.Хасенова, Н. К.Шамишева, Г.Сагиндыкова, С.Серикбаева, Г. К.Бекбусинова</i> УЧЕТНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ НАЛОГОВЫХ ДОХОДОВ МЕСТНЫХ БЮДЖЕТОВ В КАЗАХСТАНЕ	257



МРНТИ 06.61.53
УДК 332.1

ҚАЛАЛЫҚ АГЛОМЕРАЦИЯЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Л.Ж. Аширбекова, Г. Ғалымқызы, Ж.Қ. Бостандық

ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: gulmira.galimkyz.93@gmail.com

Түйін. Зерттеудің мақсаты – қалалық агломерацияларды басқарудың шетелдік тәжірибесін қарастыру болып табылады. Бүгінгі күні әлемдік деңгейде урбанизацияның дамуы артуда және 2050 жылға жуық қала тұрғындары санының екі есеге дейін артуы болжануда. Урбанизация XXI-ші ғасырдың маңызды тренді. Қалалар мен қалалық агломерацияның ұлттық экономикаға ықпалы оларды ұлттық экономикамен қатар, халықаралық экономика мен саясаттың негізгі қатысушысы ретіндегі ролін анықтайды. Осыған орай авторлар дамыған елдер үкіметінің қалалар мен қалалық агломерациялардың мүмкіндіктерін айқындап, олардың дәстүрлі сұрақтармен қатар уақыт талабына сәйкес туындаған мәселелерді шешудегі ролін анықтай отырып, қалалық агломерацияларды басқарудың шетелдік тәжірибелері және әлемдік урбанизация рейтингінің мәні мен мағынасын ашуға тырысқан. Зерттеу қорытындысында қалалық агломерациялардың әлемдегі модельдерін қарастырыла келе олардың ерекшеліктері бөліп көрсетілген.

Түйінді сөздер: қалалық агломерация, мемлекеттік басқару, урбанизация, әлеуметтік-экономикалық даму, шетелдік тәжірибе.

Кіріспе. Экономиканың жаһандану жағдайында Қазақстан дамуы инновациялық дамуға бағдарлануымен қоса өңірлер мен қалалық агломерациялардың инфрақұрылымын жаңғырту мен дамыту жөніндегі ауқымды жобаларды іске асырумен де сипатталады.

Қалалық агломерациялар әлемнің көптеген елдерінде объективті түрде заманауи қоныстанудың басты нысаны болуда, олардың қалыптасуы жаңа урбанистік өткелді білдіреді. Қазіргі уақытта Қазақстанның аумақтық ұйымдастырылуы жетілдірілуде екендігін атап өткен жөн. Бұл, ең алдымен, ірі қалалар – агломерациялардың үдемелі өсуімен айқындалуда.

Дамушы елдер жоғары урбандалуға, адами капиталдың өсуіне және табиғи ресурстардың қолжетімділігі салдарынан 2050 жылға дейін дамыған елдерден жылдам өсетін болады. Қазірдің өзінде дамушы елдерде жұмысқа орналасу, білім алу және демалыс үшін кең ауқымды мүмкіндіктерді ұсынатын әлеуметтік-экономикалық белсенділік орталықтарға айналып келе жатқан қалаларға ауылдық жерлерден халықтың көшіп-қонуы артуда. Нәтижесінде, 2050 жылға қарай әлем қалаларында халықтың 70%-нан астамы қоныстанатын болады.

Осыған байланысты мемлекет өз тарапынан инфрақұрылымдық жобаларға ресурстар бөлуі, іргелес орналасқан қалалардың экономикасына және еңбек нарықтарына кіріктіруді ынталандыра отырып, агломерациялардың дамуын мемлекет тарапынан тиімді басқарып ретке келтіріп отыруы өзекті болып табылады.

Алайда, даму жоспарларын іске асыру кезінде қалалық агломерациялар функцияларымен анықталатын елдердің ерекшелігін ескеру қажет. Сондай-ақ, ірі қалалардың, кеңістіктік байланыстар желісімен, оның тығыздығы мен құрылымы және басқа да елдің даму ерекшеліктері ескерілуі қажет [1].

Зерттеу әдістері. Ақпараттық база ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері пайдаланылды. Зерттеу пәні-қалалық агломерацияны басқару жүйесі.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін жүйелік тәсіл мен контент-талдау қолданылды. Олар бірінші кезекте, алдыңғы зерттеулердің нәтижелерін қорытуға, кейіннен формальды сипаттамаларды және олардың мәндерін нақтылау және айқындау үшін агломерацияны басқару жүйесінің маңызды элементтерін анықтауға мүмкіндік берді.

Талдаулар мен нәтижелер. Қалалық агломерацияларды дамыту зерттеу үшін өзекті тақырып болып табылады. Өйткені, бүкіл әлем бойынша агломерациялар санының артуы байқалуда. Бұдан басқа, көптеген зерттеулердің нәтижесі қоғамның қазіргі даму кезеңінде әлеуметтік-экономикалық кеңістіктің тарылып, халықтың шоғырлануы мен ірі қалалар мен олардың шеткі аймақтарында шаруашылық қызметті ұлғайтуға алып келгенін растап отыр. Экономикалық қызметтің және халықтың тығыздығының біркелкі емес шоғырлануы, аумақтардың инфрақұрылымдық және көліктік қамтамасыз етілуінің әртүрлілігі, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары поляризациясы агломерациялық үрдістерді зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын шаруашылықтың кеңістіктік құрылымы мен қоныстандыру нысаны ретінде арттырып отыр. Агломерациялық даму жолдарын бірінші қолданған Еуропа елдерінің мысалында қалалық агломерациялар аумақтарды ұйымдастырудың неғұрлым ұтымды нысандары болып табылатыны дәлелденді. Мұндай нысандарды құрудың нәтижесі біртұтас әлеуметтік, көліктік және инженерлік қызмет көрсетумен біріктірілген тұтас әлеуметтік-экономикалық және инвестициялық кеңістікті қалыптастыру болып табылады.



Агломерациялық процесс ірі қалалармен ғана емес, бұл үшін объективті шарттары бар орта және шағын қалаларға да қолданылуы мүмкін. Әлемнің түрлі өңірлерінде қалыптасқан қаланы басқарудың мынадай модельдері ерекшеленеді:

мемлекеттік басқару шешуші рөл атқаратын мемлекеттік-орталықтандырылған үлгі (Азия-Тынық мұхит аймағы елдеріне тән);

фрагменттелген немесе секторлық мемлекеттік үлгі (Еуропалық одақ елдеріне тән);

мемлекеттік-жеке ынтымақтастық моделі (АҚШ-қа тән) [2].

Инфрақұрылымдық триаданың – агломерациялардың, көліктің, энергетиканың серпінді дамуын қамтамасыз ету жалпы дамудың негізгі шарттары болуы тиіс. Агломерациялар - бұл Қазақстанның ғылымды қажетсінетін экономикасының қаңқасы. Оларды құру және дамыту - елдің орасан зор аумағын және халықтың тығыздығының төмендігін ескере отырып қарастыруды талап ететін маңызды мәселе. Қазақстанның ең ірі қалалары – Астана және Алматы, одан кейінгі – Шымкент және Ақтөбе қалалары қарастырылады. Олар сондай-ақ ғылым және инвестициялар мен халықты тарту орталықтарына айналуға және сапалы білім беру, медициналық, әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсетуге тиіс.

БҰҰ болжамы бойынша, қала халқының үлесі ағымдағы жылы 55% - дан 2030 жылға қарай 63% - ға дейін артады. Бұл ұлғаю көп бөлігі бойынша халық саны 500 мың адам және одан да көп ірі қалалар есебінен қамтамасыз етілетін болады. АҚШ, Канада, Бразилия сияқты елдерде урбанизация деңгейі 80% - ға жетеді, мысалы, Бельгия мен Жапонияда бұл көрсеткіш 90% шамасында.

Қалалық агломерацияларды табысты дамытудың негізгі элементтерінің бірі шетелдік тәжірибеде агломерациялық құрамдас бөліктер ретінде емес, біртұтас объект ретінде аумаққа көзқарас, және тиісінше, тұтастай алғанда, субъектілердің түрлі топтарының – әкімшіліктердің, кәсіпкерліктің, халықтың, муниципалдық құрылымдардың мүдделерін келісу және есепке алу арқылы агломерацияны дамыту болып табылады.

Қалалық агломерациялар құрамына кіретін аумақтық бірліктің дамуы бірқатар артықшылықтарға әкеледі:

ғылыми және экономикалық әлеуеттерді шоғырландыру,

әкімшілік-ұйымдастыру функцияларын іске асыру, қызметтерді ауқымды таңдау, өмір мен мәдениеттің сапалы көрсеткіштерін жақсарту;

еңбек ресурстарын барынша тиімді қолдану, жұмыс орындарының көбеюі, жұмыссыздық деңгейін төмендету;

осы аумақтың экономикалық-географиялық орналасу әлеуетін және ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалану;

мәдени құндылықтарды тұрақты пайдалану үшін әлеует; қолда бар аумақты барынша қарқынды және тиімді қолдану [3].

Урбанизацияланған аумақтарды басқарудың халықаралық тәжірибесін талдай отырып, агломерацияларды басқарудың екі негізгі нысанын ажыратуға болады. Олар: орталықтандырылған және орталықсыздандырылған нысандар.

Төмендегі суретте қалалық агломерацияны басқару моделі келтірілген.

Бірыңғай муниципалдық басқару негізіндегі бір деңгейлі модель Лос-Анджелес, Торонто, Виннипег, Эдмонтон, Шанхай қалаларында орын алған. Бұл басқару нұсқасында агломерацияны басқару муниципалдық басқару қағидалары бойынша толық жүзеге асырылады және жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамаға негізделген. Мұндай агломерацияны құру кезінде барлық муниципалдық құрылымдар ішкі әкімшілік бірліктердің мәртебесін сақтау мүмкіндігіне ие болады, бірақ дербес билік, бюджет және муниципалдық меншіксіз өз қызметін тоқтатады.



Сурет1- Агломерацияларды басқару моделдері [4]



Муниципалдық басқарудың екі деңгейлі моделі Стокгольм, Монреаль қалаларында іске асқан. Сондай-ақ Германияда басқарудың екі деңгейлі нысаны ерекше дамыған. Іске асыру кезінде бұл басқару моделінің функциялардың бір бөлігі пайда болатын агломерацияға беріледі, ал муниципалдық қызметтердің бір бөлігін «төменгі» деңгейдегі муниципалдық бірлік жалғастырады.

Сеул моделі: периферияның белсенді дамуымен сипатталады.

Оңтүстік Кореяның астаналық агломерациясы үш бөліктен тұрады — Сеул, оның Кенги облысы мен Инчхон қаласы. Сеулде технологиялық жаңартумен және периферияның дамуымен біріктірілген ядроғағы ресурстарды шоғырландырумен табанды күрес жүріп жатыр. Бүгін Сеулде орталықтандырылған басқару моделінен бас тартып, аймақтық деңгейде билікке көбірек өкілеттілік берілген. Үйлестіру тек көлік мәселесі бойынша жүргізіледі. Барлық үш өңір, оқшауланған әкімшілік және бюджеттік, өз бетінше мастер-жоспарларды әзірлеп, бекітеді. Жобаларды іске асыру үшін 20 мемлекеттік корпорация құрылған [5].

Токио— ғаламшардың ірі көпорталықты агломерациясы болып табылады. Токиолық агломерация 1950 жылдан бастап пайда болды, ол кезде Ұлттық астаналық аймақ құрылды (Токио айналасында 100 км радиустағы аумақ). Қазір агломерация шекарасына 8 префектур кіреді (Жапония астанасынан 200 км радиуста). Токионың мемлекеттік басқару ерекшелігі тұрақты өзгермелі даму жоспарының болуында, оны әрбір 10 жыл сайын Жапонияның жер, инфрақұрылым, көлік және туризм министрліктері әзірлеп отырады. Макроөңірде 1968 жылдан бастап жұмыс істейтін көліктік жоспарлау жөніндегі бірыңғай басқарушы орган бар. Статистикалық деректерді пайдалану іс жүзінде мінсіз жұмыс істейтін көлік құруға мүмкіндік береді. Токио моделінің басымдығы агломерацияның баламалы орталықтарын дамыту болып табылады (нақты көп орталықты үлгі). Бүкіл агломерация аумағында орналасқан жоғары технологиялық кластерлер синергетикалық әсерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Макроөңірде жобаларды іске асыруды Urban Renaissance Agency аумақтарын дамыту жөніндегі корпорация жүзеге асырады.

Канада. Канада агломерацияларды басқару модельдерін пайдалану тәжірибесі тұрғысынан да ерекше. Канадада түрлі модельдер (және екі, және бір деңгейлі) ұсынылған, және де олардың мысалдарында бір модельдің екіншісіне ауысуын байқауға болады. Мысалы, Торонто басқарудың екі деңгейлі, ал Монреаль – бір деңгейлі моделінен бас тартты [6].

Ұстанымаралық өзара іс-қимылдың және оның дамуының көптеген шетелдік үлгісі бар. Мәселен, Жапонияда агломерацияға біріктірілген муниципалитеттерге бес жыл ішінде олардың бюджетіне қосымша 25% қаржы бөлінеді. Францияда белгілі бір агломерациялық жоба шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын муниципалитеттерді қаржыландыру қосымша 10-50% мөлшерінде артады. Сондай-ақ бүгінгі таңда «Үлкен Париж» және «Үлкен Лондон» жобалары әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық даму бағдарламалары кешенін іске асырудың тиімділігін дәлелдеді.

Жоғарыда аталған барлық модельдер арасында таңдау кезінде ескерілуі қажет сипаттар бар, оларға өз ерекшеліктері мен тәуекелдері тән. Олардың қолданылуы мен тиімділігі көптеген факторларға, атап айтқанда, агломерацияның мөлшеріне (алаңына), елді мекендердің бір-бірінен алыстығына, олардың арасындағы байланыстардың сипаты мен қарқындылығына, поли немесе моноорталықтылығына, әрбір елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне және т. б. Факторларға байланысты.

Төмендегі кестеде әлем елдерінің урбанизация рейтингінің алғашқы 20 реттік тізімі көрсетілген.

Кесте 1.

Әлем елдерінің урбанизация рейтингі

Рейтинг	Елдер	Қала халқы (%)
1	Гонконг	100.0
2	Кувейт	100.0
3	Монако	100.0
4	Науру	100.0
5	Сингапур	100.0
6	Катар	99.1
7	Бельгия	98.0
8	Сан-Марино	97.1
9	Уругвай	95.2
10	Мальта	94.5
11	Исландия	93.8
12	Израиль	92.3



13	Аргентина	91.7
14	Жапония	91.5
15	Нидерланд	91.1
16	Иордания	90.7
17	Люксембург	90.7
18	Бахрейн	89.2
19	Габон	89.0
20	Ливан	88.4

Ескерту- [7] ақпарат көзі Urban Population Index 2018

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, алдағы жылдары қала халқы өсуді жалғастырады, ал ауыл халқы 3,4 миллиард адамнан сәл асып (болжам бойынша ең үлкен мән – 3417 миллион адам – 2021 жылы), 2020 жылдардың бірінші жартысында азырақ қысқара бастайды. Нәтижесінде, болашақта әлемдік халықтың басым бөлігі қала тұрғындары болып саналады. Қазақстан бұл рейтинг бойынша 103-ші орында, ондағы қала халқының саны жалпы халықтың 57,3%-ын құрап отыр.

2030 жылға қарай әлемдік қоғамдастық 2015 жылы қабылданған орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді көздеген, әлемнің қала халқы миллиардқа жуық адамға немесе 22% - ға, яғни 5,2 миллиард адамға дейін ұлғаяды деп күтілуде. Осылайша, ол 1980 жылдардың соңында әлем халқы (қала және ауыл) бірдей өлшемге жетеді. Ғасыр ортасына қарай әлемнің қала халқы 6,7 миллиард адамға жетуі мүмкін.

Қорытынды. Шетелдік тәжірибелерді қарастыра келе, келесі ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

1. Агломерацияны орталық-қаланың ықпалындағы субъект топтары ретінде емес біртұтас ретінде қарастыру;
2. Қала орталықтарының жекелей дамуы емес, бүкіл аумақтың толыққанды біркелкі дамуы көзделуі тиіс;
3. Үрдістің барлық қатысушыларының мүдделерімен келісу қажет;
4. Өзара іс-қимыл процестерін ынталандыру (субсидиялау) керек;
5. Жобалау негізінде аумақтарды дамыту;
6. Өмір сапасын жақсарту үшін шағын қалалар тобынан агломерациялар құру;
7. Агломерациялық үрдістерді құқықтық қамтамасыз етудің болуы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қалалық агломерациялар – күрделі және кешенді басқару объектісі, оның ерекшелігі оған кіретін жекелеген аумақтық бірліктер арасындағы тығыз экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзара байланыстардың болуы ретінде айқындалады. Барлық осы аумақтардың мүдделері өзара келісілуге тиіс, бұл агломерацияны басқарудың жалпы құрылымын қалыптастыру қажеттілігіне ықпал етеді. Шетелдік қалалық агломерацияларды дамытудың негізгі факторы «агломерациялық ойлауды» қалыптастыру болып табылады. «Агломерациялық ойлау» деп – бөліктердің жиынтығы емес, аумақты бірыңғай объект ретінде қарау түсініледі. Яғни, агломерация тұтастай дамиды, барлық қатысушылардың: муниципалдық құрылымдар, тұрғындар және кәсіпкерлердің мүдделері ескеріледі.

Қалалық агломерацияның серпінді даму факторларының бірі – оның басқару жүйесін сауатты құру болып табылады. Ол қалалық агломерацияны басқару органдарының құрамы мен қалыптастыру тәсілі агломерациялық басқару жүйесінің маңызды элементтері ретінде қабылдаудан басталады.

Қолданылған әдебиет тізімі.

- 1 Нестерова Н.Н. Перспективы рецепции мирового опыта агломерирования региональных метрополий. Социально-экономические явления и процессы. Т. 10, № 10, 2015.
- 2 Дергачев В. Зарубежный опыт развития городских агломераций//«Геополитика. Геоэкономика. Геофилософия». Электронный интернет-журнал.
- 3 Ёлшина А.А. Городские агломерации: теоретические проблемы и анализ зарубежного опыта // Современные научные исследования и инновации. 2015.№7.Ч.3 [Электронный ресурс]. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2015/07/56419> (дата обращения: 25.03.2019).
- 4 Волчкова И.В., Минаев Н.Н. Модели управления агломерациями: международный опыт и российская практика, Журнал: Экономика и управление. Экономические науки, 2015. №11 (108), 536.
- 5 Н.Б.Косарева., Т.Д.Полиди, А.С.Пузанов Экономическая урбанизация, Москва: |Фонд «Институт экономики города», 2018, 12-16 бб.



6 Бирюлина В.В., Юрасова И.И., Особенности агломерационного мышления: отечественная и зарубежная практика // XI Международная конференция «Российские регионы в фокусе перемен», Территориальное развитие как новая парадигма, 2016. 221-222 с.

7 The United Nations Department of Economic and Social Affairs: Urban Population Index 2018. Рейтинг урбанизации стран мира. Гуманитарная энциклопедия: Исследования [Электронный ресурс] // Центр гуманитарных технологий, (последняя редакция: 16.01.2020). URL: <https://gtmarket.ru/ratings/urbanization-index/info>.

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ ГОРОДСКИМИ АГЛОМЕРАЦИЯМИ

Л.Ж. Аширбекова, Г. Галымқызы, Ж.Қ. Бостандық

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

e-mail: gulmira.galimkyzy.93@gmail.com

Резюме. Целью исследования является рассмотрение зарубежного опыта управления городскими агломерациями. Развитие урбанизации поднимается до мирового уровня, к 2050 году прогнозируется удвоение численности населения города. Урбанизация является важным трендом XXI века. Влияние городов и городских агломераций на национальную экономику определяет их роль как основного участника международной экономики и политики наряду с национальной экономикой. В этой связи авторы попытались раскрыть зарубежный опыт управления городскими агломерациями, определяющий значение мирового рейтинга урбанизации и возможности развития городов и городских агломераций, их роль в решении проблем, возникающих в соответствии с традиционными и временными требованиями. В результате рассмотрения зарубежных моделей управления городскими агломерациями в мире были определены их особенности.

Ключевые слова: городская агломерация, государственное управление, урбанизация, социально-экономическое развитие, зарубежный опыт.

FOREIGN EXPERIENCE OF STATE MANAGEMENT OF URBAN AGGLOMERATIONS

L.Zh. Ashirbekova, G. Galymkyzy, Zh. K. Bostandyk

al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan

e-mail: gulmira.galimkyzy.93@gmail.com

Summary. The purpose of the study is to review foreign experience in managing urban agglomerations. The development of urbanization is rising to the world level, and the city's population is projected to double by 2050. Urbanization is an important trend of the XXI century. The influence of cities and urban agglomerations on the national economy determines their role as the main participant in the international economy and politics, along with the national economy. Governments of developed countries, understanding the possibilities of cities and urban agglomerations, pursue policies to promote their development, along with traditional issues, by addressing new, temporary issues. The authors reveal the world models of urban agglomeration management, foreign experience, and the significance and significance of the world ranking of urbanization. As a result, considering the foreign experience, the features were highlighted.

Key words: urban agglomeration, public administration, urbanization, socio-economic development, foreign experience.

МРНТИ 06.71.03

УДК 338.45

АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ ОБРАБАТЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Г.Т. Ахметова¹, Н.А. Кудайбергенов², Г.Б. Кенжеғалиева³, М.К. Айкенова⁴

^{1,3} Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан

² Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, г. Алматы, Казахстан

⁴ Алматинская академия экономики и статистики, г. Алматы, Казахстан

e-mail: esentemir@mail.ru

Аннотация. В статье рассмотрены проблемы современного состояния обрабатывающей промышленности Республики Казахстан. Проанализирована динамика развития обрабатывающей промышленности, показатели объема производства за периоды реализации программ индустриализации. Приведены показатели ежегодного прироста обрабатывающей промышленности в мировой экономике. Проведен анализ степени концентрации предприятий различных отраслей в региональном разрезе. Выявлено, что наиболее высокий уровень обеспеченности отечественным сырьем наблюдается в отраслях производства кокса и нефтепереработки, металлургической продукции, готовых металлических изделий. Проведенный анализ развития обрабатывающей промышленности Казахстана показал,